



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ОҚУЛЫҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**«ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ: ДӘСТҮР
ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«СОВРЕМЕННАЯ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА:
ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ»**

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«MODERN INFORMATION AND EDUCATIONAL ENVIRONMENT:
TRADITIONS AND INNOVATIONS»**

4-6 СЭУІР, 2017, АСТАНА ҚАЛАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ОҚУЛЫҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**«ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ: ДӘСТҮР
ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«СОВРЕМЕННАЯ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА:
ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ»**

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«MODERN INFORMATION AND EDUCATIONAL ENVIRONMENT:
TRADITIONS AND INNOVATIONS»**

04-06 сәуір, 2017 ж. Астана қаласы

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.04

3-21

Редакциялық алқа: Б.С.Кәрімова (бас редактор), Ә.Т.Дүйсебек,
Т.Д.Айтқазина, С.Н.Калиева, Р.К.Михалев, Т.Х.Сматаев, Г.М.Түсіпова.

Баспаға «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған (2017 жылғы 15 наурыз, № 2 хаттама)

3-21 «Заманауи ақпараттық-білім беру ортасы: дәстүр және инновация» =
«Современная информационно-образовательная среда: традиции и инновации»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдары (04-06 сәуір, 2017 ж.)/ред. – Б.С.Кәрімова. Астана: «Оқулық»
РҒПО, 2017. – 350 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-280-893-3

Жинақта білім берудің заманауи ортасын құру, оқу әдебиетінің сапасын
арттыру, жаңа ақпараттық технологиялар мен білім беру ресурстарын оқыту
үдерісіне енгізу мәселелерін талқылауға арналған «Заманауи ақпараттық-білім
беру ортасы: дәстүр және инновация» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдары берілген.

Жинақ оқу әдебиеттерінің авторлары мен сарапшыларына, ғалымдарға,
білім беру жүйесінің мамандарына, сонымен қатар жалпы оқушы қауымға
арналған.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.04

ISBN 978-601-280-893-3

© «Оқулық» РҒПО, 2017

Қолданылған әдебиеттер:

1.5B011000 – Физика мамандығының 2016-2017 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 № 90 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

2.«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген (13.05.2016 № 292 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), ҚР БжҒМ 05.07.2016 ж. №425 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары (Қосымша № 10);

Андатпа

Мақалада бүгінгі күнгі физика пәні мұғалімдерін даярлау барысындағы үлгілік оқу жоспарындағы базалық және кәсіптендіру пәндерінің оқытудың дидактикалық талаптарына сай жүйелі берілуі туралы мәселені қарастырады

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы соответствия дидактическим принципам базовых и профилирующих предметов в типовом учебном плане при подготовке будущих учителей.

Abstract

The article deals with the problems of compliance with the didactic principles of basic and majoring disciplines in standard curriculum in training future teachers

ЖУРНАЛИСТИКА ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ: АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕР СИНТЕЗІ

К. Қамзин

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.
kaken-kamzin@mail.ru

Қазіргі білім беру саласындағы аумалы-төкпелі реформалар, ілгері-кейінді ізденістер белең алып тұрған заманда орнықты әдіснаманың, жібі түзу методиканың жөні өз алдына бір бөлек. Ендеше, Шығыс пен Батыс менталитеттері қиюласуына сыни көзбен зер сала жүріп, сан сапалы мәдениеттер ұласымы заңдылықтары мен тенденцияларын іріктей-сұрыптай отырып, сауатты да қажетті таңдау жасау бізге – білім және ғылым саласы қызметкерлеріне зілбатпан жауапкершілік жүктейтіні бесенеден белгілі. Ұстаздың үйрету шеберлігі, оқытушының білім нәрін сіңіру тәсілі, дер кезіндегі меңзеуі мен тұспалы, оның болжампаздық қабілеті жас ұрпақ өмірлік жолының, болашақ жас маман дүниетанымының айқындалуына себепкер болмақ. Кәсібиліктің, іскерліктің негізі, сүйтіп, осы бастан қалана бастайды. Осы ретте зәрулік, инновация проблемасы ұлтты өркендету үдерісі мен мемлекеттік стратегиялық даму саясатымен қабысып жатады, осылардың аясындағы әр оқытушының өзіндік сабақ беру, пәнді ұғындыру тәсілінің бағасы

күннен-күнге арта түседі. Әдістеме дегеніміз – сабақ өткізудің стратегиялық және тактикалық мүмкіндігі, әр оқытушының өзіне ғана тиесілі стилі, білім кешені, технология мен туындыгерлігінің бітеқайнасуы. Ол да ұлы композиторлар шығармаларын өзінше интерпретациялауға, өзінше «сызылтуға» тырысқан дәулескер музыкант, виртуозға ұқсайды. Біз бұл арада ұлттық өнеге мен шетелдік тәжірибе мектебін лайықты ұштастыруды әмісе есе ұстаймыз. Өйткені, М. Жұмабаев өз «Педагогикасында» жазғандай: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бірақ ұлт тәрбиесін, ұлттың тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болған сықылды, жамандық жағы да көп. Шын дұрыс тәрбие беру үшін тәрбиешінің өз тәжірибесі һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы жетпейді екен. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтын мен мысын тізіп ала біду үшін тәрбие майданында шынығып ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттың түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы, тәрбие туралы дұрыс жолға түсіретін шын тәрбие дәнімен, яғни педагогикасымен жақсы таныс болу керек» [1, 30-31 бб.]. Сонымен қабат, біз айтар едік, даралығы қалыптасқан оқытушы әдіс-тәсілін қаз-қалпында қайталау мүмкін емес, оның үстіне ол өзгеше шеберлік мектебі – жеке тұлғаның зияткерлік меншігі. Оны басқа жанның көшірмелеуі, сканерлеуі этикалық жағынан да, құқықтық жағынан да әбестік деп саналады. Жаңашылдықтың, даралықтың бір қыры, бастамасы, біздіңше, міне, осы қарапайым қадамдардан басталады. Осы пайымымызды Колумбия университетінің оқытушысы Эндрю Харгадонның «How Breakthroughs Happen. The Surprising Truth About How Companies Innovate» еңбегі де дәлелдей түседі. Оған туындының орыс тілі нұсқасындағы нәтижелілік туралы мына жолдарды оқысаңыз да көзіңіз жетеді: «Результатом становится эффективный инновационный процесс, который позволяет вам творить будущее из «подручных материалов». Речь идет не о дешевом способе заполучить «бывшие в употреблении» инновации, а о потенциале, достаточном для настоящей технической революции, Более того, я утверждаю, что подобное скромное начало – это необходимое условие для истинно революционных инноваций» [2, с.14.].

«Журналистикаға кіріспе» пәнін оқыту барысында біз де белгілі бір дәрежеде қалыптасып үлгерген, әлі де жетілдіру жолындағы өзіндік әдіс-әрекетімізге жүгінеміз. Ең алдымен университет табалдырығынан аттаған шәкірттердің білім деңгейі, өмірлік тәжірибесі қалай, мәдениеті қандай деңгейде, классикалық өнер туындыларын олар жыға тани ала ма сияқты сауалдарға жауап іздейміз. Мұның өзін олардың білім салмағы мен эстетикалық танымын анықтау тесті десе де болады. Ал осылардың жиынтығын, бір арнаға тоғысуын біз студенттердің *ой-сана конвергенциясы* дейміз. Мұндай әртекті, әрқилы конвергенция сипатын жіті бажайлағаннан кейін оқытушы жалпыға ортақ әрі ақпараттық, әрі өнертанушылық, әрі әлеуметтік-коммуникациялық

ыңғайдағы дәріс мен тапсырмаларын ортаға салады. Видеоматериал, слайдтар үшін интерактивті тақтаның, аудитория телевизоры, ноутбуктың септігі бөлекше. Осы ретте біз өз видеотекамыздағы фильмдерді көрсетуді/көруді дәстүрге айналдырдық. Солардың бірі – Голливудтың 1953 жылы түсірілген, бірнеше мәрте «Оскар» сыйлығын алған «Рим демалысы» көркемсуретті фильмі. Оны тандап алудың да өзіндік себептері бар. Біріншіден, фильмнің басты кейіпкерлерінің бірі – журналист. Екіншіден, бұл фильмнің Travel-журналистикаға тікелей қатысы бар. Үшіншіден, Рим үлгісі, «мәңгі қаланың» тыныс-тіршілігі, қарапайым адамдар қарым-қатынасы, алғашқы сезім, бекзаттар тәлім-тәрбиесі, баспасөз қызметкерлерінің күнделікті күйбеңі әсерлі де нанымды алға тартылады. Аталмыш фильмді әр тілде тамашалау, талдау арқасында студенттер жаңа бір, бейтаныс әлемге бойлағандай күй кешеді, жүріс-тұрыс мәдениетін көкейге түйеді, рольдерді сомдау шеберлігіне тәнті болады (Одри Хэпберн, Грегери Пек), журналистердің ресми адамдармен кездесуінің өзіндік тәртібін ұғады. Бір сөзбен айтқанда, жалпы журналистикаға, халықаралық журналистикаға, журналист мамандығына деген ынтазарлықтары, құмарлықтары арта түседі. Романтизм мен реализмнің көркем қабысуын бажайлайды. Көкіректерін сөйлете білуге дағдыланады. Орыстың танымал философы Н.А. Бердяев айтқандай: «человек имеет не право, а обязанность быть глашатаем высшей полноты истины, т.е. говорить он прежде всего должен что-то, а не только о чем-то» [3, с.15.].

«Журналистикаға кіріспе» пәнінің арнаулы бағдарламасы бойынша жүргізілетін дәрістеріне қоса СОӨЖ-ге кіретін осындай тапсырмалар студенттің ой өрісін кеңейтеді, интеллектуалдық шама-шарқын еселей түседі.

Журналистика құбылысының табиғи ортамен, әлеуметтік үдерістермен қайтарымды байланысын нақты ұғындыру үшін біз кеңестік кезеңде дүниеге келген кинотуындыға да назар аударуды жөн көрдік. Ол – 1967 жылы «Мосфильм» киностудиясында түсірілген екі бөлімді «Журналист» фильмі. Көркем туындының қоюшы-режиссёры С.А. Герасимов бұл түсірілімге негізінен өз шәкірттерін жұмылдырған. Мәселен, В. Шукшин, Ю. Васильев, Г. Польских, Ж. Болотова, В. Теличкина, С. Никоненко сияқты дарынды киноактерлердің есімдерін атасақ та жеткілікті. Танымал өнер қайраткерінің бұл өнегесінен, әлбетте, біз де үлгі алуымыз керек, өзіміздің төл шығармашылық жобаларымызға, ғылыми ізденістерімізге көкіректерінде оты бар шәкірттерімізді тартып отырудан біз ұтпасак, еш ұтылмаймыз.

Әрине, алыс ауылдардан келген, бөгде тілді жете меңгермеген студенттерге бұл туындылардың ішкі иірімін, астарлы диалогтарды, көзге шалынбас идеяларды жыға тану тым қиынға соғады. Сондықтан бұл шығармалардың эстетикалық, көркемдік қырын танумен қоса оның тіл үйрену, басқа елдің мәдениетін тану мектебі екенін баса көрсеткіміз келеді. Сонымен қатар студенттер кеңестік кезеңдегі журналистикаға тән – редакцияның ішкі ауаны, еңбекшілер хаттарымен жұмыс істеу, жергілікті жерден түскен дабылға құлақ асу, іссапарлар нәтижелілігі, баспасөз қызметкерлерінің этикасы, журналист қауымының корпоративтілігі сынды мәселелерге көңіл бөледі. Мәдени игіліктен өз керегіне жарар дүниені алуға, көз алдында өтіп жатқан

құбылысқа сауатты талдау жасауға қатысты шешімдер бойынша оқытушы студенттерге бетпе-бет әңгіме кезінде бағыт-бағдар сілтейді.

Біздің француздың «Ұсталмаған – ұры емес» («Ni vu...Ni connu») классикалық комедиясын шәкірттерімізге ұсынудың өзіндік себептері бар. Оған түрткі болған америка психологы Джон Стейси Адамстың «Әділет теориясы» («Equity Theory») атты зерттеуі. Оның еңбек мотивациясы, мотивация құралдары, әлеуметтік ықпалдасу сынды ұстанымдары «Журналистикаға кіріспе» пәніндегі қисындармен, «Ұсталмаған – ұры емес» фильміндегі қоғамдық проблемалармен тығыз қабысып жатады. Бір ғажабы, сонау 1958 жылы түсірілген, бірақ біздің түсінікке, біздің ұғымға, қазақы талғамға бір табан жақын тақырыптың студенттер қауымын да қызықтыра алатынын байқадық. Олар ХХІ ғасырдағы әлеуметтік реалийді, заң мен мораль бірлігін, рыноктық қарым-қатынас пен қажеттілік санасын салыстыруға мүмкіндік ала алады, компаративистика әдісінің алғашқы тәлімдерімен танысады. Қылығы мен істеп жүрген ісі Монпаньяр қаласындағы ресми тәртіпке сай келмесе де Луи де Фюнес орындаған Блероны қарапайым халық неге жақсы көреді? Жас шәкірттер осы сауалға жауап іздейді, кейіпкер образын актерлік шеберліктен бөліп қарамауды аңғарады, талант пен дарынсыздықтың, әлеуметтік теңдік пен теңсіздіктің ара-жігін ажырата білуді үйренеді. Фильмге қатысушы актерлардың табиғи райды сетінетпегеніне, творчестволық құрам тіл табысқан тұтас бір ансамбльге айналғанына, жаратылыс, қала архитектурасы мен оқиға барысының үйлесім тапқанына, тақырып динамикасынан пәлендей шашау шықпағанына, француздар психологиясындағы іс-қимыл және диалогтық юмор мен сатираның жымдасып жатқанына көрермен жастар тәнті болады.

Қазіргі заманның сәні боп жүрген PR тәсілі де осы фильмде жарқырай көрінеді. «L'aveil de la Monpan'yaга» («Ұйқыдан оянған Монпаньяр») атты қалалық газеттің ықпал-әсерінің нәтижесінде жазықсыз түрмеге түскен Блероны қорғаушылардың саны көбейеді, ол бір қаланың ұлттық қаһарманына айналады. Онымен қала мәрі, жоғарғы қауым да санаса бастайды. Бір сөзбен айтқанда, кешегі «басбұзар» бүгіндері халық қошаметіне бөленеді. Мұның бәрі әлеуметтік қарым-қатынастар шарпысы, жас музыкант пен шарап өндіруші магнат қызының арасындағы махаббат қызығы мен шыжығы, жалпы жұртшылық сүйіктісі Блеро мен әкімшілік өкілі жандарм Паржудың күлкілі қақтығысы арқылы жеңіл әжуамен кестеленеді.

Студентке «Журналистикаға кіріспе» пәнін оқытқанда, оның араласар айналасын сөз етпей кету мүмкін емес. Өйткені журналистика жаратылыс дүниесінің бәрімен тілдеседі.

Жоғарыда репродукциялары берілген ұлы суретшілердің екі полотносын қарастырғанымызда, ең алдымен олардың төл мәнерлеріне, теңіз стихиясын беру тәсілдеріне көңіл аударылады. Толассыз қозғалыс, кейде алапат, кейде мамыражай әлем картинасы сөз болады. Расында да, болмысы әртүрлі мәдениеттердің құбылыс, факті, оқиғаларды игеру, аудиторияға ұсыну өзгешеліктері көзге ұрып тұрады. Яғни өзіндік қолтаңба, өзіндік стиль дегеніміздің өзі – осы. Ал, болашақ қаламгерге өзіндік даралық, өзіндік жазу стилі керек екені осындай әдістер арқылы да жеткізіледі.

Опера мен балет салаларынан түсінігі мол жұртшылық ол өнердің бойында адамға әсер етер бояулардың мол екендігін жақсы біледі. Опера мен балет тек музыка тіліне, вокалдық мүмкіндікке, прималар биіне ғана сүйенбейді, оның органикасында суретші картинасы (сценография), костюмография, сан түрлі құрал-жабдық, жеке тағдыр эпизодтары, драма/трагедия элементтері пайдаға асып жатады, публицистика, ежелгі фактілер, идеологиялық-насихаттық сарындар, молынан жүреді. Тарихи зәруліктің бәсі арта түседі. Сондай опералардың бірі – А. Бородиннің «Князь Игорьі». Осындай эпикалық симфонизм арқылы ұлттық «мен», бұқараға жағымды идеологиялық және тарихи стандарттар қалыптасады, мифтер балталаса бұзылмайтын ақиқатқа айналып жатады. Әрине, бұл операдан мәдениеттер тоғысын, Ұлы дала мен Русияның саяси-әлеуметтік қарым-қатынасын, кімге-кім бағынышты болғанын, кімнің сюзерен, кімнің вассал екенін қазір именбей аңғару онша қиын емес. Мұның арғы жағында талай түркологиялық шиленісті мәселелер тұрғаны және белгілі. Және бір қосарымыз – дыбыстық информацияны сезіну, үнді ұғыну, сазды қабылдау, бояу ишарасын қалт жібермеу – үлкен қасиет. Ондай қасиет жас журналистке де, көсемсөздің шығармашылық технологиясын екшеп жүрген мамандарға да аса қажет. Жинақтай айтқанда, заманалы журналистика өзінің синтездік сипатын осындай қиялардан бір байқап көргені абзал. Ол да заманалы ақпараттық технологиялардың арқасында журналистика мен өнердің бірін-бірі байытуы, жетелеуі, жетілдіруі дер едік.

Бұл операда, мамандардың айтуынша, қазақ әуендерінің толқын-толқын иірімдері, ащы зардай жусан иісі, дала ерлерінің мәрт мінезі мен мұңдалап тұрады. Ол сипаттарды төмендегі сахналық жүйелеуден-ақ анық байқауға болады. Журналистика негіздерін меңгеруге де қатысы бар мұндай жүйелеу технологиясын біз шығармашылық пен ақпарат аңдатудың, байытудың сәтті қосындысы дер едік.

	Акт	Бөлімнің аталымы	Басталған мезгілі	Аяқталған мезгілі	Композитор	Оркестрге түсіруші
	—	Увертюра	1887	1887	Глазунов	Глазунов
	—	Пролог: Интродукция	1876	1885	Бородин	Бородин
a	1- акт, 1- көрініс	Вл. Галицкий сарайындағы көрініс. Хор	1875	1875	Бородин	Римский-Корсаков
b	1-акт, 1- көрініс	Вл. Галицкийдің речитативі мен әні	1879	1879	Бородин	Бородин
c	1-акт, 1- көрініс	Вл. Галицкийдің речитативі	—	—	Бородин	Римский-Корсаков
d	1-акт, 1- көрініс	Қыздар хоры және көрініс	—	—	Бородин	Римский-Корсаков

	Акт	Бөлімнің аталымы	Басталған мезгілі	Аяқталған мезгілі	Композитор	Оркестрге түсіруші
e	1-акт, 1-көрініс	Көрініс: Скула, Ерошка	—	—	Бородин	Римский-Корсаков
f	1-акт, 1-көрініс Акт 1, Сцена 1	Вл. Галицкийдің құрметіне арналған князь әні.: Скула, Ерошка	1878	1878	Бородин	Римский-Корсаков
g	1-акт, 1-көрініс	Хор	Дерек жоқ	Дерек жоқ	Бородин	Римский-Корсаков
	1-акт, 2-көрініс	Ярославнаның ариозасы	1869	1875	Бородин	Римский-Корсаков
	1-акт, 2-көрініс	Ярославнаның қыздармен көрінісі	1879	1879	Бородин	Бородин
	1-акт, 2-көрініс	Ярославнаның Вл. Галицкиймен көрінісі	1879	1879	Бородин	Римский-Корсаков
	1-акт, 2-көрініс	Финал 1-го действия: Ярославна, Галицкий, Хор	1879	1880	Бородин	Римский-Корсаков
	2- акт	Қыпшақ қыздарының хоры	—	—	Бородин	Римский-Корсаков
	2- акт	Қыпшақ қыздарының биі	—	—	Бородин	Римский-Корсаков
	2- акт	Кончаковнаның каватинасы	1869	1869	Бородин	Бородин
0	2- акт	Көрініс, хор: Кончаковна, хор	1887	1887	Римский-Корсаков / Глазунов	Римский-Корсаков / Глазунов
1	2- акт	Владимир Игоревичтің речитативі мен каватинасы	1877	1878	Бородин	Бородин
2	2- акт	Кончаковна мен Владимирдің дуэті	1877	1878	Бородин	Римский-Корсаков
3	2- акт	Кнзь Игорьдың ариясы	1881	1881	Бородин	Римский-Корсаков
4	2- акт	Игорь мен Овлурдың көрінісі	—	—	Бородин	Римский-Корсаков

	Акт	Бөлімнің аталымы	Басталған мезгілі	Аяқталған мезгілі	Композитор	Оркестрге түсіруші
5	2-акт	Кончак ханның ариясы	1874	1875	Бородин	Бородин
6	2-акт	Речитатив, хор мен көрініс: Игорь, Кончак	—	—	Бородин	Римский-Корсаков
7	2-акт	Хор және қыпшақтар бийі	1869	1875	Бородин	Бородин / Римский-Корсаков / Лядов
8	3-акт	Қыпшақтар маршы	1869	1875	Бородин	Бородин / Римский-Корсаков
9	3-акт	Кончак ханның әні	—	—	Глазунов	Глазунов
0	3-акт	Речитатив, хор және көрініс	—	—	Бородин	Глазунов
2	3-акт	Речитатив: Овлур, Игорь	1888	1888	Глазунов	Глазунов
3	3-акт	Трио: Игорь, Владимир, Кончаковна	—	1888	Бородин / Глазунов	Глазунов
4	3-акт	3-әрекеттің финалы: Кончаковна, Кончак, хор	1884	—	Бородин / Глазунов	Глазунов
5	4-акт	Ярославнаның сыңсуы	1875	1875	Бородин	Бородин
6	4-акт	Хор	1879	1879	Бородин	Бородин
7	4-акт	Ярославна мен Игорьдің речитативі және дуэті	1876	1876	Бородин	Римский-Корсаков
8	4-акт	Гудочниктер әні, көрініс және хор	—	—	Бородин	Римский-Корсаков
9	4-акт	Соңғы хор: Скула, Ерошка, хор	—	—	Бородин	Бородин / Римский-Корсаков

А. Бородиннің «Князь Игорь» операсының сахнаға шығару жүйесі (сценарийі).

Қазақ ақыл-ой ғаламы мен ақпараттық кеңістігі ежелден заңдылықтарға, тенденцияларға, жаңа лепке, сауатты жүйелеуге ықылас білдірген, барынша

бейіл бере білген. Тегінде, «жүйелі сөз жүйесін табады» деген байлам ғасырлар бойы жинақталған тәжірибеден, сөз бостандығынан, пікір еркіндігінен бастау алса керек. Белгілі француз эссеисі, философы Ж.П. Сартрдың адамның таңдау мүмкіндігін сөз ете келе, «чем больше склонность делать выбор той или иной противоположностей, в которой обнаруживается «сочетание истины и добра», «тем свободнее избирает он эту возможность» деуі бекерден-бекер емес [4, с. 23.]. Сондықтан біз журналистика теориясына пәніне қатысты өзіміздің талай жылдан бері пайдаланып келе жатқан методикамызды, шәкірттермен дәстүрлі және заманалы ақпараттық технологиялар арқылы тілдесу, пікірлесу стилімізді ғылыми-педагогикалық қауымдастық назарына ұсынып отырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Шығармалары. 2-т. – Алматы: Жазушы, 2013.
2. Харгадон Э. Управление инновациями. Опыт ведущих компаний. – М., СПб., Киев.: Вильямс, 2007.
3. Бердяев Н.А. Философия свободы. – М: Российская политическая энциклопедия, 1997.
4. Сартр Ж.П. Картезианская свобода // Логос. 1996, № 8.

Андатпа

Аталмыш мақалада автор журналистика теориясын тұтастай және «Журналистикаға кіріспені» нақты оқыту жөніндегі өзінің әдіснамалық һәм педагогтік тәжірибесін ортаға салады. Оның пікірінше, жоғарыда аталған пәндерді үйрету барысында дәстүрлі әдістер мен ақпараттық технологияларды ұштастыру ерекше әсерлі. Осы ретте студенттердің білім көкжиегін кеңейту және зияткерлігін арттыру мақсатында оқытушы міндетті түрде шетел киноөнері шеберлерінің фильмдерін, музыкалық шығармаларды, танымал кескіндемешілердің картиналарын пайдаланады.

Аннотация

В данной статье автор делится своим методическим и педагогическим опытом преподавания теории журналистики в целом и «Введения в журналистику» в частности. По его мнению, сочетание традиционных методов с современными информационными технологиями дают особый инновационный эффект в освоении вышеупомянутых дисциплин. При этом для расширения кругозора студентов, повышения их интеллекта преподавателем в обязательном порядке используются художественные фильмы зарубежных мастеров киноискусства, музыкальные произведения, соответствующие слайды, картины признанных живописцев.

Abstract

In this article the author shares his methodical and pedagogical experience in teaching the theory of journalism in general, and "Introduction to journalism" in particular. In his opinion, a combination of traditional methods with modern information technologies provides special innovative effect in development of above-mentioned disciplines. At the same time in order to expand the horizons of students, enhance their intelligence feature films of foreign masters of cinematography, pieces

of music, corresponding slides, paintings of recognized artists are used obligatorily by lecturer.

РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Т.Н. Лысенко

КГУ Гимназия № 1, г. Караганда, makarenko-tn@mail.ru

В настоящее время современная система образования осуществляет переход к обновленному содержанию, задачей которой является развитие в подрастающем поколении навыков саморегуляции и умения учиться на протяжении всей жизни. Тогда наши ученики, выйдут из стен школ конкурентно способными личностями, будут обладать не только знаниями, умениями и навыками, но и компетентностями: ключевыми, межпредметными и предметными. Внедряя в учебный процесс идеи семи модулей, мы сможем выполнить качественный переход изменив содержание образования через новые методы и подходы в образовании. Задача каждого учителя направить учебный процесс таким образом, чтобы помочь школьнику в его всестороннем развитии. На мой взгляд, таким основополагающим фактором является развитие исследовательских навыков на уроках математики.

Очень важно с самого начала правильно организовать данный вид деятельности. Стараться как можно больше учебных тем изучать через практические и лабораторные работы. Создавая на уроке проблемные ситуации, мы делаем обучение увлекательным. Учащиеся учатся мыслить, выстраивать гипотезы, аргументированно их доказывать, при этом учатся слышать и слушать друг друга, уважительно относиться к мнению товарища. А ведь все это так необходимо нашим детям, для развития коммуникативных навыков. Если ученик не может выразить грамотно свои мысли, он никогда не сможет выйти на более высокий уровень качества знаний, а это значит, не сможет применять полученные знания при решения практических заданий.

Изучая в пятом классе тему «Длина окружности. Площадь круга» я провожу практическую работу, где предлагаю следующий комплект каждому ученику: цилиндрический предмет, шерстяную толстую нитку и линейку. Прошу каждого, с помощью нити измерить длину окружности обернув нить вокруг цилиндрического предмета. Отрезать нить в том месте, где один конец нити касается другого. С помощью линейки измерить длину окружности. Далее, учащимся предлагается измерить диаметр цилиндрического предмета опять-таки используя линейку. Все проведенные измерения заносятся в таблицу, далее выполняют деление полученной длины нити на длину диаметра. Таким образом учащиеся вычисляют число π .

При изучении геометрии в 7 классе, проводить практические исследования просто необходимо. Это способствует лучшему усвоению предмета, показывает связь предмета с жизнью. К примеру, проведение практической работы по теме

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT

Сухамбердиева Э. Білім беру ұйымдарын оқу әдебиеттерінің сапасын арттыруға бағытталған басты міндеттер туралы	3
Каримова Б.С. Учебник в условиях инновационной образовательной среды: новые требования	6
Дуйсебек А.Т., Михалев Р.К. Биоадекватный учебник: особенности и критика	9
Айтқазина Т.Д., Сматаев Т.Х. Қазақ тілді емес мектептерге арналған қазақтілі оқулығына қойылатын талаптар	17
Абдильдина Ж.Н., Кабдулинова А.У., Каратабанов Р.А. Исследование объемов текста в современном учебнике: международный опыт	22
Абдығалиева Г.Б. Жаратылған білім мазмұны – жаңа табыс, жаңа жетістіктер	30
Ажмагамбетова А.А. Ағылшын тілі сабақтарында үш тілділікті қолдану әдістерінің тиімділігі	33
Айтқалиева Х.К., Самаркина А.А. Роль интегрированных уроков в образовательном процессе	40
Алашбаева Ж.Н. Қазақ және түрік тілдеріндегі бейнелі тіркестер	50
Алчамбаева Г.А. Новые подходы в обучении и по обновленной программе	54
Ахметова Л.Н., Алпысбай Н.А. Шағын жасақталған мектептерде тәрбиелеу процесінің еркшеліктері	62
Ахметова Л.Н., Алпысбай Н.А. Критическое мышление как средство развития мыслительной деятельности личности	66
Байбасунова Г.А. Обновление содержания образования и обучение в условиях современной информационно-образовательной среды	70
Баймулдаева Б. К. Жаңашыл ұстаз – заманауи тәсілдер	74
Баймулдина А.А. Диалогтық оқыту арқылы оқу тапсырмаларын және бағалауды ұйымдастыру	78
Бондарева А.А. Методические принципы информационно-образовательной среды 21-го века	83
Буркитбаева Б.С., Мукашева Г.А. Білім мазмұнын жаңартудағы қалыптастырушы бағалаудың оқушы белсендігін арттырудағы Тиімділігі	89
Дәулетбекова Ж.Т. Интеллектуалдық тұлға қалыптастыруда тіл мен әдебиетті интеграциялап оқытудың мәні	94
Добряева М.Н. Организация исследовательской деятельности учителя в современной казахстанской школе	99
Ермеков Н.Т. Разработка интеллектуальной обучающей системы для сферы школьного образования	103
Естибаева Э.Д. «Smiles» оқулығының ерекшелігі мен оқытудағы мәселелер	106

Жиенкулова Л.Т. ЕХРО-2017 инновациялық экономиканы дамытудың маңызды катализаторы ретінде	109
Жұмағұлова Қ.Ә. Биологиялық білім мазмұнын жаңаша құрудың әдіснамалық негізі	114
Игсатова А.О., Косыбаева Б.Н. Традиции и инновации в информационно-технологическом обеспечении образовательного процесса: опыт поиска эффективного решения проблем	119
Илебаева Г.И. Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка в начальной школе	125
Ильясова Г.У. Болашақ химия мұғалімдерін даярлауда электрондық оқулықтардың орны	129
Иманғалиева Л.Н. Информатика пәнін оқытуда заманауи білім берудің маңызы	133
Имангожина О.З. Национально-культурные ценности как фактор воспитания межэтнической толерантности подрастающего Поколения	143
Искаков Б.А., Сахариева С.Г. Информационно-образовательная среда как педагогическая система	149
Кажкенова А.Қ. Сабақ барысында ақпараттық технологияларды Қолдану	155
Камишева Г.А., Баймаханова Ш.Ү. Араб тілін меңгертуде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың педагогикалық моделі	160
Кашкеева А.Б. Multilingualism in modern Kazakhstan: new challenges	166
Куразбаева Д.Х. Проектная деятельность учащихся, как средство изучения географии в школе	170
Қалиев Б.Қ., Алмағамбетова А.А. Физика пәні мұғалімдерін даярлаудағы бүгінгі күнгі өзекті мәселелер	174
Қамзин К. Журналистика теориясын оқыту үдерісі: ақпараттық технология мен классикалық өнер синтезі	177
Лысенко Т.Н. Развитие исследовательских навыков учащихся на уроках математики в рамках обновленного образования	185
Мағзумова А.К., Хамидулина З. Б., Торебекова А. К. Повышение эффективности организации домашнего задания	188
Маулиева С.С. Ағылшын тілін меңгерудегі ақпараттық білім ортасының маңызы	195
Махимова Б.Т. Заманауи ақпараттық-білім беру ортасын оқыту үрдісінде пайдалану жолдары	200
Меңліқожаева С. Қ., Төрбек Д. Б. Математикалық білім беру мазмұнын жанартудағы кіріктіре оқытудың ролі	203
Мурзағалиева М.К., Машгулова А.К. Білім мазмұнын жанарту және заманауи білім беру ортасы жағдайында оқыту	208
Наукеева Т.Л. Жаңаша оқытудың тиімді жолдары	211
Нурбеков Б. Ж. Система повышения квалификации педагогов в области	



www.okulyk-edu.kz

